

Қазақстан Республикасының 1999 жылғы 7 маусымдағы N 389-1 "Білім туралы" Заңының, осы мәселе бойынша Қазақстан Республикасы Президенті жарлықтарының, Қазақстан Республикасы Үкіметі қаулыларының Алматы қаласында орындалу барысы туралы

Күшін жойған

Алматы қалалық Мәслихатының шешімі II сыйланған V сессиясының 2000 жылғы 02 маусымдағы. Алматы қалалық Әділет басқармасында 2000 жылғы 20 маусымда N 133 тіркелді. Қолданылу мерзімінің аяқталуына байланысты шешімнің күші жойылды - IV сыйланған Алматы қаласы мәслихатының XXVII сессиясының 2010 жылғы 12 сәуірдегі шешімімен

Ескерту. Қолданылу мерзімінің аяқталуына байланысты шешімнің күші жойылды - IV сыйланған Алматы қаласы мәслихатының XXVII сессиясының 2010.04.12 шешімімен.

РҚАО Ескертпесі: N 02-11 және 227 2005 жылғы 20 қаңтардағы Алматы қалалық Әділет департаменті хатының негізінде шешім "Нормативтік-құқықтық актілер туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 38-бабымен көзделген нормативтік-құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеуге жатпайды және онсыз қолданылады.

II-сыйланған Алматы қалалық Мәслихаты Қазақстан Республикасының "Білім туралы" Z990389_ Заңының, білім мәселесі бойынша Қазақстан Республикасы Президенті жарлықтарының, Қазақстан Республикасы Үкіметі қаулыларының Алматы қаласында орындалу барысын қарай келіп, Алматы қаласында қалыптасқан білім, кадрларды кәсіби даярлау және қайта даярлау жүйесінің, жинақталған интеллектуалдық, ғылыми мүмкіндіктің заңының негізгі ережелерін орындауға және нарықтық қатынастар жағдайында оңтүстік астананың халық шаруашылығы мен ғылыми кешенін біліктілігі жоғары жұмысшылармен және мамандармен қамтамасыз етуге мүмкіндік беретіндігін атап өтеді.

Қаланың білім жүйесі тұрақты жұмыс істеуде. Мемлекеттік, мемлекеттік емес ұйымдармен қатар білім берудің өмірге келген ұлттық үлгісі, оқытудың дағдылы емес нысаны оқу-тәрбие процесін ұйымдастырудагы жаңа технологияны пайдаланудың халықаралық оң тәжірибелеріне барынша икемделе түсуде. Инновациялық бағыттар бойынша тәжірибелер жүргізілуде, білім берудің барлық сатысы мен деңгейі бойынша бірнеше нұсқалы білім беру

бағдарламалары енгізілуде, материалдық оқу базасы жаңарып, жалпы білім беретін мектептер және өзге де лицейлер мен гимназиялар ақпараттандырылуда.

Сонымен қатар Қазақстан Республикасының "Білім туралы" Заңын іске асыру жөніндегі белгіленген шаралардың кейбірі орындалмайды, ал 2000-2005 жылдардағы мерзім үшін әзірленген нысаналы жоспар нарық жағдайындағы жұмыс үшін қала халқын даярлау талаптарына тиісті деңгейде жауап бермейді. Мектепке дейінгі және мектептен тыс ұйымдар жабылуда. Мектептердің, лицейлердің, гимназиялардың түлектері еңбек етуге жеткіліксіз әзірленген. Іс жүзінде оқушыларды еңбекке баулу базасы жойылған, тек жоғары сыйнып оқушыларының 15 пайызы ғана кәсіби даярлыққа қамтылған. 1995 жылмен салыстырғанда бастапқы кәсіби білім оқу орындарының желісі 27 пайызға және онда оқитындар саны 50 пайызға қысқарды.

Қалада жоғары және орта кәсіби оқу орындарының желісі жақсы дамыған. Олардың көпшілігінде кадрлар нақты мұқтаждықты ескермей "жылтырақ" мамандықтар бойынша даярлануда. Қазақстан Республикасының "Білім туралы" Заңының толық көлемде орындалуына бағытталған Қазақстан Республикасының Парламенті, Үкіметі, Білім және ғылым министрлігі заңды іске асыратын және нормативтік құқықтық актілер пакетін қабылдамауы, жалпы білім жүйесін, сондай-ақ оның жекелеген секторларын реформалау кезіндегі ғылыми болжаудың осы реформалардың ғылыми болжамы мен талдауының, нарықтық қатынастар жағдайында білім беру жүйесінің әлеуметтік және экономикалық салаларының ғылыми негізделген өзара іс-әрекетінің жоқтығы қолбайлау болып отыр. Білім беру жүйесі бюджеттен толық көлемде қаржыландырылмайды, қаланың білім және ғылыми халық шаруашылығы кешендері мен тиісті үйлестіру жок. Білім беру жүйесі қызметкерлерінің, оқушылармен тәрбиеленушілердің әлеуметтік қорғалуы өте төмен. Қала жастарының бірыңғай тәрбие кешені баяу қалпына келтірілуде, сондай-ақ бұқаралық ақпарат құралдары білім мәселелеріне жеткілікті назар аудармайды.

II-сайланған Алматы қалалық Мәслихаты

ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:

1.2000-2005 жылдарға арналған Алматы қаласындағы білім беруді дамытудың кешенді бағдарламасының Негізгі бағыттары бекітілсін (N№1 қосынша).

2. Қала әкіміне:

2.1. "Білім туралы" Заңға сәйкес, 1997 жылғы 25 желтоқсанда I-сайланған Алматы қалалық Мәслихатының XVI сессиясында бекітілген 1997-2005

жылдарға арналған Алматы қаласының білім беру жүйесін дамытудың бұрын қабылданған Бағдарламасының негізгі бағыттарын ескере отырып 2000 жылғы 15 тамызға дейін 2001-2005 жылдарға арналған Алматы қаласының білім беру жүйесін дамытудың жаңа Бағдарламасын әзірлең, оны Мәслихаттың қарауына тапсыру және онда мыналарға баса назар аудару ұсынылсын:

- білімнің барлық сатыларының мемлекеттік жалпы міндепті стандарттарын іске асыру, білімнің мазмұнын және терең саралануының әртүрлі деңгейде игерілуін қамсыздандыру ("Білім туралы" заңын 6, 18 бабы);

- экономиканың, әлеуметтік, ғылым және мәдениет саласы мұқтажын және халықтың білімге сұранысын ескере отырып 2001-2005 жылдары Алматы қаласындағы білім беруді дамыту (8 бап);

- өлшемдер, оны бағалау кешенін енгізу жолымен білімнің деңгейі мен сатыларын да білім сапасын қамтамасыз ету. Оқыту әдістемесі мен басқару тегершігін және білім сапасын бақылау жөніндегі ғылыми әдістемелік лабораторияны құру (6, 35 бап);

- 5-(6) жастағы балалардың негізгі бөлігін мемлекеттік білім беру үйымдары арқылы міндепті мектеп алдындағы даярлықпен қамту (23 бап);

- тұрмысы нашар және көпбалалы отбасылар балаларын тегін оқытумен және тәрбиелеумен қамтамасыз ететін мемлекеттік мектепке дейінгі білім беру үйымдарының қосымша желісін құру (31 бап);

- балалар бақшасына баратын мектеп жасына дейінгі балаларды оқыту мен тәрбиелеу үшін отбасыларға жәрдемдесу (23 бап);

- "Білім беру және балалардың денсаулығы" және "Балалар мен оқушы жастардың жазғы демалысы мен еңбегін үйымдастыру" ведомствоаралық бағдарламаларын әзірлеу (14, 37 бап). Тұрмысы нашар отбасылар балаларының жазғы демалысын үйымдастыру үшін бөлінетін қаражатты көбейту;

- мемлекеттік жалпы міндепті стандарттарға сәйкес қазақ тілін мемлекеттік тілі ретінде дамытуды, сондай-ақ орыс тілі мен бір немесе екі шетел тілін үйренуді қамтамасыз ету (5 бап);

- қазақ тілін оқытатын мектептер желісін одан әрі дамыту (4, 5, 8 бап);

- дарынды балаларға арналған мектептерді ашу (18 бап, Қазақстан Республикасы Президентінің 24.05.97 ж. N 3002 өкімі);

- әртүрлі кемістігі бар және дамуы кешеуілдеген балаларға арналған арнайы білім бағдарламасының мазмұнын сапалы жаңарту (20 бап);

- жаңа білім технологиясын енгізу, білімді компьютерлендіру, "Интернет" желісін пайдалану. Барлық пән бойынша ақпараттық технологиялар мен компьютерлік білім бағдарламаларын игеру. Орта білім жүйесін ақпараттандыруды басымдық дамыту жөніндегі жұмысты жалғастыру (31 бап және Қазақстан Республикасы Президентінің жарлығы);

- бүгінгі күнгі бағдарламалар мен оқулықтарды дер кезінде енгізуді қамсыздандыру (6, 18 бап);

- жаратылыстану - ғылыми циклі, физика, химия, биология, әлемді тану, экология және т.б. пәндері үшін көрсетілім лабораториялық қондырыларды оқу орындарының оқыту процесіне енгізу;

- елдің құқықтық және мемлекеттік жүйесін, рәміздерін, тарихын, көрнекті мемлекет тұлғаларының өмірі мен қызметін зерттеу арқылы Қазақстан азаматы мен патриотын тәрбиелеу (8 бап);

- қосымша білімнің және оқушылар мен тәрбиелеушілердің дербес жұмысын, уақыттан тыс қызметінің жүйесін дамыту, тәрбиелік міндеттерді күшайту (19 бап);

- жастар мен ересек халықты даярлаумен, қайта даярлаумен және біліктілігін көтерумен шүғылданатын кәсіби оқу орындарын дамыту (27 бап);

- шағын және орта бизнесті дамыту үшін кадрлар даярлайтын кәсіби білім мен мамандықтар тізбесін анықтау, олардың базасында жұмыссыздарды қайта оқыту (8, 31 бап);

- бастауыш кәсіби біліммен мемлекеттік оқу орындарының желісін қамсыздандыру және бюджеттің есебінен - мемлекеттік тапсырыс бойынша онда оқитындар санын көбейту (23 бап);

- жетім балаларға, мүгедектер мен тұрмысы нашар отбасылар балаларына арналған жұмыс орнын квоталау бағдарламасын әзірлеу (31, 36 бап);

- балалардың қараусыздығын және тәртіп бұзушылығын болдырмауды, қазіргі экономикалық жағдайда оларды оңалтуды кешенді шешудің жүйесін қалыптасуға бағытталған шараларды әзірлеу;

- кәсіби білім мен жұмысқа кәсіби бейімдеу қызметінің қалалық оқу-әдістемелік кабинетін қалпына келтіру;

- білім беру ұйымдарымен жұмыспен қамту басқармасында еңбек нарығындағы қажеттілікке сәйкес білім, еңбек және жұмыспен қамту органдарының, Қазақстан жұмыс берушілер конфедерациясының, Қазақстан Кесіподактары федерациясының және білікті жұмысшылармен мамандарды даярлаумен және кадрлармен қамсыздандыру жөніндегі басқа әлеуметтік әріптердердің 2001-2005 жылдардағы мерзім ішіндегі бірлескен іс-әрекет шараларын әзірлеу.

2.2. Төмендегілер бойынша бірінші кезектегі шараларды қарau:

- Алматы қаласы Әкімінің жаңынан білім және жұмыспен қамту мәселелерін атқаруды үйлестіру жөніндегі Ведомствоаралық комиссиясын құру (31 бап);

- "Білім туралы" КР заңының 43 бабына (1, 2 тармақшаларына) сәйкес барлық мемлекеттік бастауыш және орта кәсіби білім ұйымдарын бюджеттік қаржыландыруды қамсыздандыру. Оларға орта білім беретін оқу орындарының

негізгі сатысының түлектерін қабылдауды көбейту;

- білім беру үйымдарында бақылаушы органдардың (СЭС, өртті қадағалау және т. б.) жұмысын реттеу;

- білім беру үйымдары үшін мемлекеттік тапсырыс бойынша тендерге білім департаменті өкілдерінің міндетті қатысуымен қондырғылардың, азық-тұлік тағамдарының, дәрі-дәрмектердің, жанар-жағармай материалдарының, құрылыш және жөндеу, ағарту қызметтерінің мемлекеттік сатып алуын жүргізу немесе оларды білім басқармасы органдары арқылы өткізу, тікелей тауар өндірушілер мен қызметтердің тендерге қатысу мүдделігін арттыру ("Мемлекеттік сатып алу туралы" Z 970163_ КР заңы);

- үйымдардың ағартушылық қызметін лицензиялау және орта кәсіби білім беруді мемлекеттік аттестациялау жөніндегі өкілеттікті Алматы қаласының Білім департаментіне беру (12, 35 бап);

- Алматы қаласының мектепке дейінгі, орта, жалпы, бастауыш кәсіби және орта кәсіби білім беру үйымдарының оларға бекітілген мұліктерін жалға беруден түсken қаражатын олардың материалдық оқу базасын нығайту мен жұмсауға пайдалануы (КР Үкіметінің 16.04.99 ж. №421 Р990421_ Қаулысы);

- Алматы қаласында білім беру жүйесінің баспа органын ашуды немесе "Алматы ақшамы", "Вечерний Алматы" газеттерінде айна екі рет қосымша шығаруды, сондай-ақ оқу теледидарын ашуды қарастыру;

- қаланың білім беру үйымдарында үлгілік штаттарын тәрбие жұмысы жөніндегі мектеп директоры орынбасарының лауазымын міндетті түрде қоса отырып бекіту;

- ПИК-ті құру кезінде тұрғылықты жері бойынша аудан әкімдерінің балалар мен жұмыс істейтін жауапты құрылымдарды құруы;

- сырттан келген қараусыз балалар үшін уақытша үй-жайды - оналту орталығын құру;

- қалалық наркологиялық орталықтың жанынан кәмелетке толмағандар үшін бөлімше ашу, нашақорлықпен күрес үшін қажетті қаражат бөлу. Әрбір мектепте дәрігер ставкасын енгізу мәселесін шешу;

- ата-анасының қарауынсыз қалған балаларды, жетім балаларды белгіленген тәртіппен толық мемлекеттік қамсыздандыру, оларды міндетті түрде жұмысқа орналастыру және тұрғын үймен қамтамасыз ету;

- студенттер үшін санаторий-профилакторий құру;

- КР Үкіметіне оқушыларды мемлекеттік емтихандардан босату туралы қайта қаралу үшін хат әзірлеу;

- педагогтар мен дәрігерлер үшін қала СЭС айыппұл санкциясының көлемін азайту;

- меншік нысанына қарамастан кәсіпорындар үшін тиісті квоталар белгілей

отыра орта оқу орындарының түлектерін жұмысқа орналастыру;

- Алматы қаласында ұлттық мектептің жаңа үлгісін енгізу үшін мектеп-кешенің (тәжірибелік алаң) құру;

- қалалық бюджет қарожаты есебінен бір оқушыға және тәрбиеленушіге шаққандағы коммуналдық қызметті тұтыну нормасын көбейту.

3. Білім мен ғылым жөніндегі тұрақты депутаттық комиссияның білім жүйесі қызметін жақсартуға арналған жаңа заңды жасау және қолданыстағы заңдық және нормативтік актілерге өзгеріс енгізу жөніндегі ұсыныстары келісілсін және олар Қазақстан Республикасының Парламентіне, Қазақстан Республикасының Үкіметіне және Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрлігіне белгіленген тәртіппен жолдансын (N 2 қосымша).

4. II-сайланған Алматы қалалық Мәслихатының білім мен ғылым жөніндегі тұрақты депутаттық комиссиясы (Т.И. Есполов) осы шешімнің орындалуына бакылауды қамтамсыз етсін.

II - с а й л а нға н А л м а т ы қ а л а л ы к М ә с ли х а т ы

V-сессиясының төрағасы

ХАТШЫСЫ

II-сайланған Алматы қалалық
Мәслихатының 2000 жылғы
2 маусымдағы шешіміне
N № 1 қосымша

2001-2005 жылдарға арналған Алматы қаласының
Білім беру жүйесін дамытудың кешенді бағдарламасының
негізгі бағыттары

МАЗМҰНЫ

1. Алматы қаласының Білім беру жүйесінің жай-қүйі мен даму мәселелерін тақдадау.

2. Алматы қаласының Білім беру жүйесінің даму бағытының негізгі басым б а ф ы т т а р ы :

- 1) қазақстандық патриотизм мен азаматтылықты тәрбиелеу;
 - 2) мектепке дейінгі тәрбие мен білім;
 - 3) орта жалпы білім;
 - 4) әлеуметтік қорғалмаған балаларға қамқорлық;
 - 5) кәсіби білім;
 - 6) білімді ақпараттандыру;

- 7) салауатты өмір салтын қалыптастыру;
- 8) оқу-әдістемелік, ғылыми және кадрлық қамсыздандыру;
- 9) б ілім ді басқару ;

10) білімнің материалдық-техникалық базасын қаржыландыру және
д а м ы т у ;

11) жұмыс берушілер мен өзге де әлеуметтік әріптермен өзара
іс - қ и м ы л .

3. Қорытынды.

1. Алматы қаласының Білім беру жүйесінің жай-күйі мен
даму мәселелерін талдау.

1999/2000 оқу жылдарында Алматы қаласында білім беру жүйесінде
әртүрлі ведомстволық бағыныстағы және меншік нысанындағы 561 білім беру
ұйымы болды. Оларда стационарлық жағдайларда 350, 3 мың адам, яғни қаланың
әрбір төртінші тұрғыны оқып тәрбие алды.

Қала білім беру ұйымдарының негізгі бөлігін - жергілікті білім басқару
органына, яғни Білім департаменті мен оның алты аудандық бөлімшесіне
бағынысты 373 ұйым, ҚР Білім және ғылым министрлігіне қарайтын - 25 ұйым,
23 ұйым басқа ведомствоға және 140 мемлекеттік емес білім беру мекемесі
к ү р а й д ы .

1998 жылдан бастап қаланың мемлекеттік білім беру ұйымдары ҚР
Азаматтық кодексіне сәйкес мемлекеттік мекеме және мемлекеттік қазыналық
кәсіпорын болып ажыратылды. Бұлай ету оларды бюджет есебінен
қаржыландыру тәртібін недәуір өзгерти.

Қазіргі уақытта жергілікті бюджеттен 214,3 мың оқушысы мен
тәрбиеленушісі бар 206 мемлекеттік мекеме, 36,5 мың бала мен оқушы жастары
бар 157 мемлекеттік қазыналық коммуналдық кәсіпорын мемлекеттік тапсырыс
арқылы немесе субсидиялау жолымен қаржыландырылады. Білім беру ұйымдары
үлгілерінің әртүрлі болуы білім барысының үздіксіздігі мен халықтың білім алу
мүқтажын қамсыздандыруға көмектеседі.

Қазіргі уақытта Алматы қаласында 179,2 мың оқушысы бар, оның ішінде 600
бала оқитын мектеп-интернатын қоса алғанда, 169 қундізгі жалпы білім беру
мекемесі жұмыс істейді. Сонымен қатар қаладағы 8 мың оқушы Білім
департаментінің 11 бастауыш кәсіби оқу орнында, әртүрлі ведомстволардың 18
колледжінде және 45 мемлекеттік емес жалпы білім беретін мекемеде оқиды.
Ересектердің немесе жұмыс істейтіндердің орта білім алу үшін 17 мектептің
жанынан кешкі ауысым бөлімшелері ұйымдастырылды.

Қалада 3295 тәрбиеленушісі бар интернат үлгісіндегі 14 ұйым жұмыс істейді.
Олардың арасында жетім және әке-шешесі тастан кеткен 1023 бала бар.

1999 жылы қалада жетім және әке-шешесі тастан кеткен балалар үшін оңалту

о р т а л ы ғ ы

а ш ы л д ы .

225 колледже - 65 мамандық бойынша, кәсіби мектептерде - 71 мамандық бойынша, жалпы білім беретін мектептерде - 10 мамандық бойынша жоғары мектептерге дайындауды.

Қала педагогикалық ғылым мен практиканың озық жетістіктерін тәжірибеден өткізетін республикалық маңыздағы бірден-бір әдістемелік орталық болып отыр.

Қала аумағында ҚР Білім және ғылым министрлігі мен өзге де ведомстволардың ғылыми әдістемелік орталықтары орналасқан. Алматыда білім берудің қалалық жаңа технологиялар орталығы, мұғалімдердің біліктілігін арттыру институты жұмыс істейді.

Халықаралық білім бағдарламалары бойынша терең білім беретін, әлемдік білім кеңістігіне жол ашатын оқу орындары ашылуда. 1997-1998 оқу жылында Алматыдағы N 105 гимназиясы халықаралық бакалавриат бағдарламасы бойынша жұмыс істей бастады.

Орта жалпы білім берудің сан-алуандығына, білім құрылымдарының кең аясын қалыптастыруға орта білім беретін ұйымдардың әртүрлі түрлері мен тектерін құру, оның ішінде 29 гимназия, 10 лицей, 14 арнаулы мектеп арқылы қол жеткізілуде. 114 жалпы білім беретін мектепте негізгі және қосымша білім бағдарламалары жүзеге асырылып, 119, 8 мың оқушы өздерінің бейімділігі мен қабілетіне сәйкес тереңдетілген кәсіби білім алуда. Екі қазақ-ресей гимназиясы және қазақ-түрік балалар лицейі құрылды.

Алматының орта білім жүйесінде оқу-тәрбие процесіндегі жаңа инновациялық технологияны белсенді іздеу және пайдалану жолдары жүргізілуде. Қаладағы қазір 169 орта мектептің 106-да компьютерлік сыныптар бар.

Сонымен қатар қалада 200 занды тұлға, әртүрлі орталықтар курстар арқылы білім қызметтерін көрсетуде. Мұнда 100 мыңға жуық адам білім алып, біліктілігін көтеруде.

Соңғы жылдары қаланың білім беру жүйесі "Білім туралы" Қазақстан Республикасының заңында, сондай-ақ Қазақстан Республикасы Президенті тапсырмаларында, Қазақстан Республикасы Үкіметінің іс-қымыл бағдарламасын жүзеге асыру жөніндегі шаралар жоспары мен 1996-2000 жылдарға есептелген білім саласындағы Алматы қаласын дамытудың Стратегиялық жоспарында анықталған ұйымдық, экономикалық, құқықтық, құрылымдық және мазмұндық компоненттерді іске асыруға бағытталған негізгі нормативтік-құқықтық актілер талаптарын орындау шегінде жұмыс істеді.

Алматы қаласының Әкімі 1999 жылғы тамызда "Алматы қаласының білім беру ұйымдарында "Білім туралы" Қазақстан Республикасының заңын іске асыру

туралы шараларды" бекітті, оларды орындау үшін Әкім шешімімен қалада мемлекеттік білім беру ұйымдарының желісі бекітілді, олардың қызметінің негізгі бағыттары көрсетілді, жергілікті бюджет есебінен ұсталатын білім ұйымдарының желісі арқылы бес (алты) жастағы балаларды мектепке баруын ұйымдастыру туралы шешім қабылданды, орта арнаулы оқу орындарында кадрларды даярлаудың, мемлекеттік білім мекемелерінің кадрларын қайта даярлаудың, бюджет есебінен орындалатын орта білім жүйесін ақпараттандырудың мемлекеттік тапсырысының тәртібі бекітілді. Қала бюджетінде мектептер салуға, оқу орындарына күрделі жөндеу және сейсмокүшету мен қондырғы алу үшін қосымша қаражат бөлінді.

Іс жүзінде барлық білім беру ұйымдары арнайы ғимаратта орналасқан, қажетті оқу-өндірістік базасы (оқу кабинеттері мен лабораториялар, кітапхана, шеберхана, спорт залы, қоғамдық тамақтандыру, медициналық көмек көрсету

ны саңдары) бар .

Алматы қаласында республикада бірегей болып отырған сан-салалы кәсіби білім жүйесі шоғырланған .

Тек қаланың білім беру жүйесінде ғана 21448 педагогикалық мамандық қызметкерлері, оның ішінде мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту ұйымында 2743 адам, барлық үлгідегі орта жалпы білім ұйымдарында 12841 адам (1054 маман жеке білім беру мекемелерінікі), бастауыш кәсіби білім ұйымдарында 1178 адам, орта кәсіби білім ұйымдарында 3894 адам (оның ішінде 1167 маман жеке білім беру мекемелерінікі) және мектептен тыс ұйымдарда 792 адам жұмыс істейді. Олардың бәрінің тиісті білімі мен білім саласында жұмыс тәжірибесі бар.

1995-1999 жылдары мұғалімдердің біліктілігін көтеру институтында жылына 5 мың мұғалімді қамтыған курсар ұйымдастырылды. Институттың қаржылық тұрақтануы мен құрылымының қайта ұйымдастырылуы курсқа 6 мыңға дейін адам тартуға және білім саласында аймақтық ғылыми зерттеулер ұйымдастыруға

мұмкіндік береді .

Бастауыш білімнің мемлекеттік жалпы міндетті стандарттарын игеру бойынша бастауыш сынып оқушыларын 100 пайыздық қайта даярлануы 3 жыл бойы жүргізіліп кеleді .

Іске тәжірибе арқылы асатын компьютерлік оқу бағдарламаларын кезеңдік енгізу жобасы өмірге ене бастады .

Шетел мамандарының қатысуымен шетелдік білім технологиясын игеру жағалғасуда .

Өзін-өзі қаржыландыру элементімен шаруашылықпен қаржыландырудың жаңа нысандары мен әдістері игерілуде .

Қаланың білім беру саласында әртүрлі себеппен, бірінші кезекте экономикалық сипаттағы қындықтан туындаған недәуір мәселелер де

қ о р д а л а н г а н .

Қаланың білім беру жүйесінің жай-күйіне, оның мұқтажына недәуір артта қалған қаржыландыру деңгейі айтарлықтай ықпал етуде.

Білім беру саласы үшін жергілікті бюджеттен, оның шығыс бөлігінің кемінде 12 пайызы бөлінуде. Білім қызметкерлері жалақысын кешіктірмей алуда, күрдели жөндеу, қондырғы алуға қаржы көбірек бөліне бастады. 2000 жылдан бастап жаңа объектілер құрылышы жанданды.

Білім жүйесінің құрылымдық және желілік реформалануы мектепке дейінгі және қосымша білім жүйесінің күрт қысқаруына алып келді. Осыған орай осы оқу түріне тартылған балалар саны, кәсіби білімнің мемлекеттік ұйымдары желісі қысқарды, мемлекеттік білім стандарты талаптарының деңгейіне жауап бермейтін мемлекеттік емес білім беру ұйымдары пайда болды.

Қаладағы мектепке дейінгі білім жүйесі осыған қарамастан қазіргі желісін сақтау және дамыту мақсатында балаларды оқыту мен тәрбиелеу түрі мен әдісін жетілдіруде, 5 (6) жастағы балаларды мектепке баруға даярлауда. 1996 жылмен салыстырғанда мектепке дейінгі мекемелер саны 78 бірлікке (33 пайызға) қысқарды. Ал балалар саны 15000-ға (43 пайызға) қысқарды. Қазір ұйымдастырылған мектепке дейінгі тәрбие мен оқуға балалардың 22 пайызы №ғана, ал мектепке дейінгі дайындыққа қаладағы мектеп жасындағы баланың 62,2 пайызы ғана тартылды. 18,7 мың бала 136 мемлекеттік, 17 ведомствоның және 8 мемлекеттік емес білім ұйымына барады.

Тұрмысы нашар отбасыларға, жетім балаларға және әке-шешесі тастап кеткен балаларға арналған интернат мекемелері, ауру балаларды үйде оқыту, осы мекемелердің тұлекторін жұмысқа орналастыру мәселесі толық шешілген жоқ. Қалада аяқ-қолы тартылатын 660 бала тұрады, мүмкіндігі шектеулі балаларға арналған арнайы мектеп мұқтаждығы 40 пайызға ғана қанағаттандырылды. 150 орындық орыс тілінде оқытатын тұрмысы нашар отбасылар балалары үшін жалпы білім беретін мектеп-интернат ашу өткір тұр. Барлық арнайы оқу ұйымдарында оқу-әдістемелік қамсыздандыру әлсіреді, республикада зағип балаларға арналған қосымша бағдарлама мен оқулықтар шығарылмайды. Медициналық қамсыздандыру мәселесі штаттағы қызметкерлер деңсаулық сақтау жүйесіне берілгендейдікten қынадай түсуде. Интернаттарға аумақтық поликлиникалардың қызмет көрсету деңгейі төмендеуде. 1999 жылы интернаттар мен балалар үйлері балаларының қоғамдық көлікте тегін жүру жеңілдігі жоғылды.

Бюджеттік қаражаттың жетпеушілігінен музикалық мектептер өзін-өзі қаржыландыруға көшті. Олардың біразы жабылу алдында.

Қаланың білім беру кешенін басқаруды жетілдіру қажет. Білімді басқару органдарының "Білім туралы" Қазақстан Республикасының заңы бойынша

орындауға тиіс жекелеген міндеттерін атқаруға мүмкіндігі жоқ. Қала бойынша басқару міндетін білім департаментінің 31 қызметкері және аудандардағы білім бөлімдерінде 4-5 адам атқарады. Қазіргі уақытта мемлекеттік білім ұйымдарының шығындарымен және қаржыландырылумен 4 басқару құрылымы шүғылданады. Атап айтқанда, қалалық қаржы басқармасы, аудандық қаржы бөлімі, білім департаменті және оның аудандық бөлімдері, экономика жөніндегі қалалық комитет. Білім органдарын лицензиялауға сондай-ақ колледждерді лицензиялаумен заң бойынша жергілікті атқарушы органдар ҚР Білім және ғылым министрлігі жауапты.

Білім ұйымдарының көптеген тексерістері білім беруді басқару органдарының келісімінсіз жүргізіледі.

Алматы қаласына ерекше мәртебенің берілгендейгіне қарамастан, қаланың білім беру жүйесі қатаң орталықтандырылған механизмінің бір бөлігі ретінде жұмыс істеуін жағастыруда.

Республикалық деңгейде әзірленген білім мәселесі бойынша кейбір нормативтік актілер Алматының аймақтық ерекшелігін ескермейді. Оқу жылдарының бойында білім экономикасы саласында нормативтік құжаттарды шығару орын алғып келеді. Бұл көптеген қолайсыздық тудырып отыр.

Қазіргі уақытта орта білім беру жүйесінде негізгі мәселе материалдық техникалық базаны дамыту, оқушыларды бүгінгі күнгі оқулықтармен қамсыздандыру, мектептерді осы заманғы компьютерлермен, көрнекі оқу құралдарымен жабдықтау болып отыр.

64 жалпы білім беретін мектептің компьютерлік техникасы ескірген. 7 кәсіби мектептің (лицейдің) ақпарат пен өндірісті автоматтандыру кабинеттері мүлдем жоқ.

1996 жылғы 1 қантарда Алматыда бюджет есебінен 6000 жуық оқушы білім алғып келген 15 кәсіби мектеп (лицей) және орта кәсіби білімі бар 8 мың маман даярлаған 12 колледж болды. Сонымен қатар, кәсіби оқыту жүйесіне жыл сайын 35 мың адам жаңа мамандық алғып отыратын, іс жүзінде орта білім беретін мектептердің барлық түлектерінің тегін кәсіби білім алуға және кәсіби даярлықтан өтуіне мүмкіндіктері болды.

Соңғы жылдары кәсіби білім мекемелерінің саны барған сайын қысқара түсіде. 2000 жылдың 1 қантары бойынша 11 кәсіби мектепте (лицейде) 3,8 мың адам және 10 орта кәсіби оқу орнында (колледже) мемлекеттік тапсырыс бойынша 2,3 мың адам оқуда. Ал білікті жұмысшылар мұқтаждығы өте жоғары, тек 1999 жылы ғана жұмыспен қамту органдарына кәсіпорындар 247 газэлектр дәнекерлеушісіне 251 слесарға, 252 құрылышшыға тапсырыс берген.

Экономика комитеті, Еңбек және жұмыспен қамту департаменті білікті кадрларға мұқтаждықты, олардың кәсіби біліктілік құрылымын нақты толық

айқында майды, оқу орындарының, жұмыс берушілер мен жергілікті атқарушы органдардың арасында келісілген экономикалық және әкімшіліктік қарым-қатынас жоқ. Көптеген оқу орталықтары, комбинаттар мен курстар мемлекеттік үлгідегі құжаттарды берсе де, тиісті лицензия алмай-ақ жұмысшыларды да ярлауда.

Қаланың мектеп жасындағы жастары еңбек нарығына ешбір кәсіби дайындықсыз баруда, ал егер олар мемлекеттік емес жоғары мектеп пен колледже окуын жалғастыrsa (Алматыда 55 жоғары мектеп пен 39 колледж бар) да оны аяқтағаннан кейін ешкімге керексіз болып қалады. Тек 1999 жылы ғана жұмыспен қамту органдарында да 1253 экономист пен бухгалтер, 729 мұғалім, 1113 инженер-механик, технолог, құрылыштық, электрик, 227 тәрбиеші, 181 медбике жұмыссыз болып тіркелген.

Кәсіби білім әлі де болашақтың инвестициясы ретінде қарастырылмайды. Әлемнің көптеген елдерінде шамамен жалпы білім беретін мектептердің түлектерінің 70 пайызы кәсіби білім арқылы мамандық алады. Алматыда кәсіби даярлықпен оқушылардың бар-жоғы 1,2 мыны ғана қамтылған. Қалада мектепаралық оқу-өндірістік комбинаты біреу ғана. Мектептердің оқу шеберханаларының базасында кәсіби дайындық пен жоғары сынып оқушыларының 15 пайызы ғана тартылған.

Кәсіби оқу орындарда практикалық оқу үлесі қысқаруда. Алматы қаласындағы N 1 кәсіби лицей базасында тәжірибе жұмысы көрсеткендегі "Қазақстанда кәсіби білімді дамытуға көмектесу" қазақ-герман жобасын енгізу шығынын зандық базасында жоқтығына қарамастан жұмыс берушілер өзі көтерген.

Сондықтан да колледждердегі, кәсіби мектептердегі оқыту мен курстық даярлық және қайта даярлықтың негізгі міндеті кәсіби білім оқу орындарының меншіктің барлық нысанындағы жұмыс берушілермен тікелей байланысын қамсыздандыру болып табылады.

Кәсіби білім мәселесін шешу қала экономикасының жай-күйімен, еңбек ресурстарымен және білікті кадрлардың көптігімен, жоғары мектеп, колледж, кәсіби мектеп базасында даярланатын кадрлар санының қаланың нақты мұқтаждығына сәйкесіздігімен, басқа аудандардан халықтың қалаға бақылаусыз көші - қонымен тығыз байланысты.

Жоғары мектептің мектеп пен қоғам алдында біліктілігі жоғары ұстаз кадрларын даярлаудағы жауапкершілігінің төмендеуі де алаңдаушылық туғызуда .

Қала аумағында халықтың курстық даярлығын жүргізетін әртүрлі орталықтар мен курстардың қызметіне шетел білім ұйымдары филиалдары мен қоғамдық бірлестіктердің іс-әрекетіне тиісті назар аударылмайды. Білімдік қызметтің

осындағы нысандарының жұмысын нормативтік актілермен қамсыздандырмағандықтан олар білімді басқару органдарының назарынан ұдайы қалып келеді.

2. Алматы қаласының білім жүйесін дамытудың негізгі бағыттары

2001-2005 жылдар мерзіміндегі білім жүйесін дамытудың негізгі мақсаты білім саласында мемлекет саясатын іске асыру үшін ұйымдық негіз қалау, білім жүйесін басым дамыту стратегиясын анықтау, қала халқы мен экономикасын және әлеуметтік саласының білімдік мұқтажын қанағаттандыру болып табылады.

Мақсатты іске асырудың негізгі міндеттері:

- білімнің мемлекеттік ұйымдарының желісін сақтау, оны қайтадан енгізілген нысандар есебінен кеңейту және жергілікті органдарға республикалық ұйымдардың бір бөлігін оларды қайта ұйымдастыру кезінде беру;

- "Білім туралы" Қазақстан Республикасының заңының және ҚР Үкіметі мен Алматы қаласы Әкімінің білім саласындағы іс-қимыл бағдарламасын іске асыру шараларының жоспарларын ұйымдық-нормативтік орындалуы;

- білімнің мемлекеттік жалпы міндеті стандарттарын орындау, білім бағдарламаларын аймақтық компонентін одан әрі дамыту;

- оқушылардың шығармашылық қабілетін, инновациялық сипаттағы білімді ұйымдастыруды, әртүрлі деңгей мен бағыттағы қосымша білімді ұйымдастыруды дамытуға бағытталған білімнің мазмұндық-процессуалдық негізін жаңарту;

- қазақстандық патриотизм мен азаматтылықты тәрбиелеу;

- аймақтардың жұмысшылар мен мамандарға мұқтажын қанағаттандыру үшін саулалардың маркетингтік жүйесін құру, осы саулалы мемтапсырысты қалыптастыру және оның бюджеттік қаржыландырылуын қамтамсыз ету жолымен іске асыру;

- білімді ұйымдастырудың әр үлгісі мен түрі бойынша бір оқушыға, тәрбиеленушіге шаққанда анықталатын аймақтық қаржыландыру нормативтерін жасау және осы нормативтер негізінде жергілікті бюджеттік білімді жоспарлау;

- білім жүйесінің ұйымдық-құрылымдық құрылымын жетілдіру, білімнің шығыны мен қаржылануын, лицензиялануы мен аттестациясын ұйымдастыруды саласында білімді басқару органдарының міндетін кеңейту;

мен оқу құралдарын игеру;

- мемлекеттік білім ұйымдары қамтымаған қала халқының мұқтажын ескеретін жеке білім секторын дамыту;

- 5 (6) жастағы балаларды мектеп алдындағы даярлықпен толық қамту;
- білім процесі субъектілерін әлеуметтік қорғаудың аймақтық жүйесін құру.

Қаланың білім жүйесін дамытудың негізгі мақсаттары мен бағыттары және оларды іске асыру кезіндегі күтілетін нәтижелер:

1) Қазақстандық патриотизм мен азаматтылықты тәрбиелеу саласында ("Білім туралы" Қазақстан Республикасының заңының 8, 14 баптары).

Мақсаты: қазақ және республиканың өзге халықтарының тілін, тарихын, мәдениетін, әдет-ғұрпын игеру үшін жағдай жасау арқылы өз Отанына - Қазақстан Республикасына деген махаббатты тәрбиелеу.

Дамытудың негізгі бағыттары:

- жеке адамды дамытуды интеллектілік, рухани, экологиялық тұжырымдаманы қамтитын ұлттық өзіндік сананы, ұлттық өзін-өзі қорғауды ояту және қалыптастыру мектебі ретінде қазақ ұлттық мектебін дамыту;

- жеке адамның Қазақстанның бірыңғай қоғамдық және рухани кеңістігіне толық тартылуына, Қазақстан азаматы ретінде оның қалыптасуына, ғана тілімен, мәдениетпен және өзіндік санамен үздіксіз байланысты сақтай отырып, өзін-өзі көрсетуіне жәрдемдесу;

- Қазақстанның құқықтық және мемлекеттік жүйесін, ел тарихын, рәміздерін, республиканың көрнекті тұлғаларының өмірі мен қызметін оқып үйрену арқылы азамат пен патриотты тәрбиелеу;

- жас ұрпақты қоғамдық өмірге еркін кіруге және өзін-өзі тануын қамтамасыз ету мақсатында оны жалпы адамдық және этноerekшелік құндылықтарға тарту;

- ұлттық мәдениет пен Қазақстан халықтарының дәстүрлерін өркендедуді ұйыстыру орталығы ретінде білім ұйымдарының қалыптасуы;

- отандық дәстүрлерге, ұлттық аймақтық ерекшеліктерге, осы заманғы тәжірибе жетістіктеріне негізделген ерекше тәрбие жүйесін оқу орындарында қалыптастыру;

- білім мазмұнына аймақтық және этнокомпоненттерді жоспарлы және ұтқырлы енгізу;

- әлеуметтік нигилизмге, бойқүйездікке, жұмыссыздыққа, балалар қылмысына елеулі тосқауыл қою үшін сабактан тыс, әсіресе кешкі уақытта жастарды мұдде бойынша біріктіретін орталық ретінде жалпы білім және кәсіби мектептерінің тәрбиелік міндетін дамыту;

- қосымша білім мен сан-салалы сабактан тыс қызметтің жүйесін дамыту, олардың тәрбиелік міндетін күшету;

- қосымша білім мен сабактан тыс қызметпен, халықтың көркемдік және техникалық шығармашылығымен, клубтық және ойын-сауықтық ұйымдық

белсенділігі арқылы спортпен шұғылдануына жағдай жасау;

- отбасының, мектептің тәрбие жұмысына қатысу үшін жағдай жасау, ата-аналардың қоғамдық бірлестіктерін дамыту;

- оқушыларды әскери-патриоттық және әскери-спорттық тәрбиелеудің жақсы дәстүрлерін өркендету және дамыту, білім ұйымдарының материалдық-оқу базасын ныфайту.

Күтілетін нәтиже:

- Отаны мен өз отбасының игілігі үшін дайын және еңбек ете біletіn, Қазақстан Республикасының мемлекеттік тілін еркін игерген қазақ және республиканың өзге халықтарының тарихын, әдет-ғұрпын, мәдениетін, дәстүрін біletіn өз Отанының азаматы мен патриотын қалыптастыру;

- балалар мен жастарда ізгілікті бағыт, берік рухани негіз, шынайы өмір құндылықтарын беретін азаматтылық пен патриотизмді қалыптастыратын тәрбиелеу жүйесін қалпына келтіру;

- азаматтылықты, еңбексүйгіштікті, адамгершілікті, адам құқығы мен еркіндігіне құрметті, Отанға, отбасыға, қоршаған табиғатқа сүйіспеншілікті қалыптастыру жөніндегі оқудың тәрбиелік міндетін күшету;

- соңғы жылдары оқыту мен тәрбиелеу жүйесіндегі алшақтықты қосымша білім бағдарламасын іске асыру, жас адамдардың пікірлесуге, мұдде бойынша қызметіне, табиғи құлышынысын қанағаттандыратын балалар мен жасөспірімдердің ұйымдары арқылы жою;

2) Мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту саласында ("Білім туралы" Қазақстан Республикасының заңының 23, 38 баптары).

Мақсаты: Мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту жүйесін тұрақтандыру мен дамыту қамсыздандыру.

Дамытудың негізгі бағыттары:

- халықтың барлық жігі үшін мектепке дейінгі ұйымдар көрсететін білім қызметтеріне қол жеткізуі қамсыздандыру;

- мектепке дейінгі білім ұйымдарының әртүрлі түрлерінің желісін сактау мен дамыту және олардың жұмысын халықтың сұранымына сәйкес қамсыздандыру;

- мектепке дейінгі білімнің мемлекеттік ағарту стандарттарын бағдарламалық және оқу-әдістемелік қамсыздандыру;

- балалар бақшасына бармайтын мектеп жасына дейінгі балаларды оқыту мен тәрбиелеуде отбасыға жәрдемдесу және ата-аналарды білікті ұстаздық кеңеспен қамтамсыз ету;

- балалардың қабілеті мен мұддесін толық анықтау мен дамыту үшін дамушы ортаны қалыптастыруды, жаңа ұстанымды іске асыру;
- жеке тәсіл негізінде мүмкіндіктері шектеулі балалардың қабілеті мен мұддесін толық ашуға жағдай жасау;
- балаларға, оның ішінде бала бақшасына бармайтын бұлдіршіндерге көрсетілетін қосымша білім қызметтерінің тізбесін кеңейту;

Күтілетін нәтиже:

- әлеуметтік қоргалмаған, тұрмысы нашар отбасылар санатына жататын балаларды анықтау механизмін әзірлеу және оларға мектепке дейінгі көлемде белгіленген білім қызметін тегін көрсету;
- мемлекеттік мектепке дейінгі ұйымдардың білім ұйымдарына баратын 5 (6) жастағы балалардың жалпы санының 75 пайзына дейін міндettі және тегін мектеп алдындағы даярлықпен қамту үлесін көбейту;
- балалар бақшасы мен мектептің сабактастығын қамтамасыз ететін құжаттар мен материалдардың ғылыми әдістемелі кешенін әзірлеу;
- мектеп немесе балалар бақшасы базасында балаларды мектепке даярлайтын қысқаша курстарды, сондай-ақ үй жағдайында әзірлікті ұйымдастыруды тілейтін ата-аналар үшін қысқа мерзімді курстар үйымдастыру және оны әдістемелік қамсыздандыру;
- балаларды мектепке даярлау жөнінде ата-аналарға арналған әдістемелі құралды әзірлеу;
- коммерциялық негізде мектепке дейінгі ұйымдар мен топтардың сан алуан түрін, олардың жұмыс режиміне сәйкес (тәулік бойы, толық емес жұмыс күні, демалыс және мереке күндері істейтін) құру жөніндегі жұмысты жандандыру;
- әртүрлі үлгідегі мектепке дейінгі ұйымдар үшін күннің үлгілік режимдерінің нұсқаларын әзірлеу;
- мектепке дейінгі мекемелерде психологиялық-медициналық-педагогикалық қызметті ғылыми-әдістемелік қамсыздандыру бағдарламасын әзірлеу;

3) Орта білім саласында

3.1) Білім мазмұнын жаңарту ("Білім туралы" Қазақстан Республикасының заңының 5, 6, 9, 12, 17, 18, 24, 33, 35, 46 баптары).

Мақсаты: мемлекеттік жалпы міндettі білім стандарттарын енгізу.

Дамытудың негізгі бағыттары:

- білімнің барлық сатыларында мемлекеттік жалпы міндettі білім

стандарттарын іске асыру;

- жалпы орта білімнің мазмұнын бір деңгейде, оның ішінде бір оқу орны мен бір пәннің шегінде терең сарапай игеруді қамсыздандыру;

- мемлекеттік жалпы міндепті білім стандарттарына сәйкес қазақ тілін мемлекеттік тіл ретінде дамытуды, сондай-ақ орыс тілін және бір немесе екі шет тілін үйренуді қамтамасыз ету;

- аймақтың білім нарығының сұранысын қана№аттандыруға бағытталған жаңа білім технологиясын енгізу, білімді компьютерлендері, "Интернет" желісін пайдалану, барлық пәндер бойынша ақпараттық технология мен компьютерлік білім бағдарламаларын игеру;

- аймақтық компоненттің мазмұны мен деңгейіне ғылыми негізделген талаптарды өзірлеу, "Алматының тарихы, географиясы мен мәдениеті", "Азаматтану" жаңа пәндерінің оқу жоспарын енгізу және ғылыми әдістемелі қамсыздандыру;

- халықаралық білім кеңістігіндегі интеграциялық процестерді дамыту, ынтымақтастық, білім мазмұнын жаңарту бойынша тәжірибе алмасу;

- оқытудың жаңа түрі мен нысанында халықтың әртүрлі тобының мұқтажын қана№аттандыру, кешкі, сыртқы, аралық білімді экстернатты дамыту;

- жалпы білім беретін мектептердің жоғары сыныптарын қалаға қажетті мамандыққа бейімдеу және осы негізде бұл мектептерді лицей мәртебесіне көшіру жөнінде база жасау;

- мемлекеттік білім үйымдарымен бәсекелесетін білім мекемелерінің мемлекеттік емес желісін қалыптасуға көмектесу;

- азаматтық және экологиялық білім бағдарламасын өзірлеу мен енгізу және мектептер мен басқа үйымдардың күш-жігерін біріктіру негізінде оқушыларды тәрбиелеу;

- қала мектептерін бүгінгі қунғі бағдарламалармен және оқулықтармен дер кезінде қамтамасыз ету;

- білім үйымдары жұмысының сапасына мониторинг енгізуді қамтамасыз ету, соған негізделіп өзірленген өлшемдер кешені негізінде оқушыларға білім беру мен тәрбиелеу, қала мектептерінде инновациялық қызмет банкісін құру;

- оқушы қызметін бағалаудың жаңа тегершіктерін енгізе отыра, оқушылардың жетістік деңгейін бақылау жүйесін жетілдіру.

Күтілетін нәтиже:

- қала мұқтажына сәйкес, халықтың ұлттық аймақтық ерекшеліктерін ескере отыра, орта білім оқу орындарының желісін сақтау және дамыту, білім мекемелерінің инновациялық түрлерінің желісін кеңейту;

- мемлекеттік жалпы міндепті стандарттарды толық енгізу, оларды

оқу-әдістемелік

қамсыздандыру;

- іргелендіру, технологияландыру және имандандыру негізінде білім мазмұнын жаңарту, білімге, құндылықтар жүйесі мен әлеуметтік нормаларға сүйену;

- тарих, қоғамтану, әдебиет, география білімі мен оқулықтарының мазмұнын осы ғылымдар мен отандық дәстүрлердің бүгінгі күнгі деңгейіне сәйкестікке келтіру, оқушыларды ізгіліктілік-эстетикалық және азаматтық-партиоттық тәрбиелеу міндетін іске асыру;

- мектепке дейінгі, бастауыш, негізгі және орта білім арасындағы ғылыми-әдістемелік сабактастықты қамсыздандыру;

- барлық деңгейдегі бюджеттер мен бюджеттен тыс қаражат есебінен білім жүйесінің кітапхана қорын қалыптастыру;

- халықтың әлеуметтік-экономикалық, этно-мәдени мұддесін және Алматы қаласының артықшылықтарын бірыңғай білім саясатын іске асыру кезінде ескеру;

- Алматы қаласы Білім департаментінің жанынан білім сапасын тексеретін мемлекеттік аттестациялық қызмет құру, білім алушыларды сапасыз білімнен қорғау механизмін іске асыру;

- білім мекемелері түлектерінің қорытынды аттестациясының объективтілігін көтөрү;

- дамытушы білім принциптерін іске асыратын қосымша білім ұйымдарының әртүрлі үлгілері мен түрлерінің желісін дамыту;

- мектеп жасындағы барлық балаларды және 5 (6) жастағы балаларды міндетті мектеп алдындағы даярлықпен қамту;

- қала азаматтарының орта жалпы, бастауыш, орта, жоғары және жоғары мектептен кейінгі кәсіби білім алудына мүмкіндікті кеңейту;

- Алматы қаласының білімін кадрлардың біліктілігін арттыру және қайта даярлау жүйесі арқылы жоғары және жоғары мектептен кейінгі кәсіби білімнің үздіксіз шегінде даярланған біліктілігі жоғары педагогикалық кадрлармен қамтамсыз ету.

3.2) "Дарынды балалар" мәселесін шешу ("Білім туралы" Қазақстан Республикасының заңының 1, 3, 4, 8, 18 баптары, ҚР Президентінің 24.05. 96 ж. № 3002 Өкімі № 963002_).

Мақсаты: Дарынды балаларды түлету, олардың шығармашылығын көтермеледеу, сондай-ақ мамандардың кең ауқымы мен жүртшылықтың назарын

дарынды балалар мәселесіне аудару үшін оңтайлы әлеуметтік-педагогикалық жағдай жасау.

Дамытудың негізгі бағыттары:

- дарынды балаға (оқушыға) өзінің жеке қасиеттерін көрсетуге мүмкіндік беретін білімнің көп деңгейлі және нұсқалы жүйесін қалыптастыру;
- дарынды балаларға рухани және тәндік дамуы, білімнің әртүрлі саласында кәсіби даярлық үшін жағдай жасау;
- "Дарынды балалар" мәліметтері банкісін қалыптастыру;
- "Дарынды балаларды" анықтайдын психологиялық-педагогикалық диагностика бойынша ғылыми-әдістемелік ұсыныстар әзірлеу;
- пәндерді тереңдеп оқытатын сыныптарда сабак беретін педагогикалық қызметкерлердің біліктілігін арттыру, қайта даярлау және тәжірибеден өтуінің әртүрлі нысандарын жүйелі үйымдастыру;
- "Дарынды балаларды" анықтау, оқыту және дамыту жөніндегі сынақ алаңдарын қалада күрү;
- "Дарынды балалармен" жұмысты үйымдастыруда дарынды балаларды анықтау, оқыту және дамыту жөніндегі бүгінгі теориялық тұжырымдамаларды басшылық қа

Күтілетін нәтиже:

- дарынды балаларды тәрбиелеу, оқыту және қолдау процесін нормативтік-құқықтық, ғылыми-әдістемелік қамсыздандыру;
- дарынды балалар үшін Алматыда мектеп ашу;
- Алматы қаласының Білім департаменті жанынан "Дарын" РКӨО филиалының ғылыми-практикалық орталығын ашу;
- Алматы қаласының Білім департаменті жанынан "Дарынды балалар" жобасын іске асыру жөніндегі үйлестіру тобын құру;
- дарынды балаларды дамыту және қолдау жөніндегі мониторингтік қызметті БАҚ және ПКСО жанынан күрү.

3.3) Оқушыларды еңбекке баулу және кәсіби бейімдеу ("Білім туралы" Қазақстан Республикасының заңының 3, 8, 14, 15, 18, 19, 20, 31, 36 баптары).

Мақсаты: Нарық экономикасына көшу жағдайында еңбекке баулу жүйесін еркендешу, оқу-тәрбие процесін еңбек мәртебесін жасауға бейімдеу (оқу, қызмет көрсету, өндірістік және пайдалы).

Дамытудың негізгі бағыттары:

- нұсқаулылық пен жұмылдыруышылықты көрсететін кәсіптер мен мамандықтардың жаңа жіктелісіне сәйкес жаңа оқу бағдарламасын өзірлеу, оқытудың жаңа технологиясын енгізу;
- еңбекке баулу саласында маркетингті қолданудың әдістемелік негізін өзірлеу;
- қала экономикасы мен әлеуметтік саласының ерекшелігін ескеріп оқушыларды еңбек нарығы болжамының мәліметтерімен таныстыру;
- кәсіби мектеп, кәсіби лицей базасында мектеп оқушыларын еңбекке баулуды үйымдастыру;
- "Жалпы білім беретін мектеп - кәсіби мектеп" "Мектеп - кәсіби лицей", "Мектеп - кәсіби лицей - колледж" кешендерін құру;
- мектептегі оқу-тәрбие процесін материалдық өндіріс саласындағы еңбекке оқушылардың іштей дайындығын қалыптастыруға бейімдеу;
- электронды-есептеу және микропроцессорлық техниканы пайдалана отырып оқушыларды еңбекке баулу.

Күтілетін нәтиже:

- мектептегі еңбекке баулудың икемді жүйесін құру;
- еңбекке баулудың стандарттарын енгізу;
- қала мектептерінде кәсіби бейімдеу жұмыстары жүйесін жандандыру, кәсіби бейімдеу кабинеттерін құру;
- жалпы білім беретін оқу орындарын оқушыларға кәсіби мамандық беруге және мектеп түлектерінің болашақ мамандықтарын таңдауына бейімдеу;
- жалпы білім беретін оқу орындарының базасында бастауыш кәсіби беретін лицей түріндегі мектептерді дамыту.

4. Әлеуметтік түрғыдан қорғалмаған балаларды қорғау саласында ("Білім туралы" Қазақстан Республикасының заңының 3, 4, 9, 13, 20, 23, 24, 31, 32, 36 баптараты).

Мақсаты: мүгедек, жетім және ата-анасының қарауынсыз қалған балалардың әлеуметтік қорғалуын, олардың қалыпты өмірі мен окуын, сапалы кәсіби даярлығы мен еңбекке орналасуын қамсыздандыратын шараларды кешенді іске асыру.

Дамытудың негізгі бағыттары:

- мүгедек, жетім және ата-анасының қарауынсыз қалған балалар туралы аудандық және қалалық мәліметтер банкін құру;

- қазақстандық азаматтар асырап алуға тиіс жетім балалар туралы мәліметтер
б а н к і н қ ұ р у ;

- жетім балалар құқын қорғау мәселесі бойынша қамқор ата-аналар мен
жұмыс үшін ғылыми-әдістемелік ұсыныстар өзірлеу;

- қалада балалар мен жасөспірімдер үшін арнайы оқу-тәрбие мекемелерінің
ж е л і с і н қ ұ р у ;

- ата-аналар мен жүртшылық арасында "Балалар құқы туралы Конвенцияны"
түсіндіру мен насихаттау бойынша жүйелі жұмыс ұйымдастыру;

- мүгедек балаларды түзету және оңалту жүйесін дамыту және жетілдіру;

- түзету білім беру мекемелерінің желісін дамытуға қала халқының
мұқтаждығы туралы мәліметтер банкін құру;

- әлеуметтік тұрғыдан қорғалмаған, мемлекет пен қоғамның көмегі мен
қолдауына өте мұқтаж балалардың толыққанды өмірі, білімі, демалысы мен
денсаулығы үшін жағдай жасау;

- еңбекке баулу жүйесін әлеуметтік қорғалмаған балаларға орайластыра
отыра ж е т і л д і р у ;

- ақыл-ойының дамуы кемшін балаларды бастауыш кәсіби даярлық
бағдарламасын әзірлеу .

К ү т і л е т і н н ә т и ж е :

- әлеуметтік тұрғыдан қорғалмаған балаларға мемлекеттік және әлеуметтік
кепілдік беру бойынша білім туралы заң нормаларын орындау;

- арнайы білім мазмұнын сапалы жаңарту;

- кеміс балалардың ерекшелігіне сәйкес түзету мектеп-интернаттарын
окулықпен және оқу-әдістемелік құралдарымен қамсыздандыру;

- женілдік кредит және қаржылық көмектің өзге түрін көрсету арқылы жетім
балалардың оқуына әлеуметтік қолдау;

- білім мекемелерінде оқитын мүгедек, жетім және ата-анасының қарауынсыз
қалған балалардың жеке және мұліктік құқығын қорғауды күшайтетін
нормативтік-құқықтық актілерді күшіне енгізу;

- денсаулығының мүмкіндігі шектеулі балаларға кәсіби білім алу үшін жағдай
ж а с а у ;

- мүгедек, жетім және ата-анасының қарауынсыз қалған балаларды, жетім
балалар мекемелерінің түлектерін тұрғын үй мәселесін шешу, кәсіпорындарда
жұмыс орнын квоталауды енгізу.

5. Кәсіби білім саласында ("Білім туралы" Қазақстан Республикасының
законың 8, 15, 18, 21, 22, 24, 31, 32, 36, 41 баптары).

Мақсаты: еңбек нарығын мұқтажына сәйкес білікті еңбек қызметкерлері мен мамандарын (жұмысшылар мен қызметшілер) даярлауды қамтамсыз ету.

Негізгі бағыттары:

- жалпы білім беретін мектептер түлектерін кәсіби мектепте, (лицейде), колледжде және кәсіби баурудың өзге құрылымдарында оқуын жалғастыру жолымен кәсіби біліммен барынша қамту;

- еңбек нарығының мұқтажына сәйкес кәсіби білім оқу орындарын қайта құру бойынша, сондай-ақ еңбек нарығына қажет мамандық пен кәсіп бойынша салалық жалпы білім беретін мектептерде оқытындар санын көбейту жөніндегі жұмысты жағастыру;

- акционерлік қоғам, жауапкершілігі шектеулі серіктестік және өзге заңды және жеке тұлғалардың бастауыш кәсіби білімнің мемлекеттік емес оқу орнын құрұына көмектесу;

- қажет номенклатура санын қарастыра отыра, мемлекеттік тапсырыс пен экономиканың мемлекеттік емес секторының мұқтажы негізінде еңбек нарығының талабына сәйкес кәсіби білім оқу орындарында кәсіп пен мамандықтардың тізбесін құрастыру, сан-салалы аралас мамандық пен кәсіп бойынша жұмысшы мен маман даярлауды өрістету;

- кәсіби мектеп (лицей), колледж және өзге оқу кәсіби құрылымдарының оқу-материалдық базасын пайдалануды реттейтін нормативтік құжаттарды әзірлеу. Кәсіби техникалық бағыттағы салалық мектептер санын арттыру;

- кәсіби оқу орындарын жастар мен ересектерді даярлаумен, қайта даярлаумен және біліктілігін көтерумен шұғылданатын сан-салалы мекеме ретінде дамыту;

- өндірісте, курсарда және өзге кәсіби білім құрылымдарында жұмысшылар мен мамандарды даярлауды, қайта даярлауды және біліктілігін көтеруді ғылыми-әдістемелік қамсыздандыру.

Күтілетін нәтиже:

- білім қызметтері мен еңбек нарығының тепе-тендігін қамсыздандыру;

- дәстүрлі емес оқу мәселесін шешетін жеке шағын бағдарламаны жасай отыра бастауыш кәсіби, орта кәсіби, жоғары және жоғары мектептен кейінгі кәсіби білім бойынша қалалық бағдарламалық шараларды әзірлеу және іске асыру;

- сұраным мен ұсыныстық сәйкесіздігін жоюға бағытталған бүгінгі сұранымға сәйкес қала экономикасының құрылымдық өзгерісі нәтижесінде

босаған жастар мен ересектерге кәсіби даярлықтан өту және біліктілігін арттыру
үшін жағдай жасау.

6. Білімді ақпараттандыру саласында ("Білім туралы" Қазақстан Республикасының заңының 3, 8, 31, 33 баптары, ҚР Президентінің 22.09.97 ж. №3645 Өкімі N973645_ "Қазақстан Республикасы Президентінің мемлекеттік бағдарламасы туралы: "Қазақстан Республикасындағы орта білімді ақпараттандыру").

Мақсаты: білім жүйесінің барлық деңгейін кезең бойынша ақпараттандыру.

Дамытудың негізгі бағыттары:

- білім сапасын бақылаудың және мониторингінің компьютерлік-тестілік, диагностикалық әдістемесін құру және пайдалану;

- білімнің компьютерлік технологиясының полифункционалдық, дидактикалық мүмкіндіктерін ескере отыра білім жүйесінің мазмұндық әдістемелік базасын жетілдіру;

- корпоративтік телекоммуникациялық желіні қашықтық оқытуды енгізу және ғаламдық Интернет жүйесіне кіру жолымен білімді ақпараттандыруды дамытуду;

- білімді басқарудың ақпараттық жүйесін енгізу, жаңа ақпараттық технология негізінде даярланған жаңа құралдармен әзірлемелерді пайдалану бойынша Алматы қаласы оқу орындары мамандарын қайта даярлау мәселесін шешу;

- оқытудың төл, оқу-әдістемелік құралдарының жаңа ақпараттық технологиясын құру үшін қала мұғалімдері мен ғалымдарының шығармашылық мүмкіндігін біріктіретін әрбір оқу пәні бойынша уақытша әдістемелік ұжымдарды құру.

Күтілетін нәтиже:

- барлық жалпы білім беретін және орта арнаулы кәсіби оқу орындарын компьютерлендіру бойынша қаланың орта білімін ақпараттандыру Бағдарламасын аяқтау;

- қаланың барлық мемлекеттік ұйымдарын оларды оқыту және тәрбиелеу, білім процесін, білім экономикасын басқару үшін пайдалануға компьютерлердің бүгінгі буынмен қамсыздандыру;

- келесі кезеңнің бағдарламасын - білімге жаңа технология енгізу негізінде бүкіл оқу-тәрбие процесін компьютерлендіру;

- құрылатын бірыңғай білім стандарты жүйесінің құрылымдық толықтыруышы ретінде "Жаңа ақпараттық технология негізінде орта білім жүйесінде оқу сапасын өлшемін орындау стандартының ғылыми-әдістемелік негізі" жобасын

әзірлеу және енгізу;

- әдістемелік нұсқаулықтарды, оқу бағдарлама құралдарын және өзге оқу материалдарын алдын-ала сараптан өткізу үшін Қалалық білімдегі жаңа технологиялар орталығы № жанынан тұрақты жұмыс істейтін семинар ұйымдастыру;

- Алматы қалалық білім кадрларының біліктілігін арттыру және қайта даярлау институты жанынан Алматы мұғалімдері мен ғалымдарына арналған әдістемелік құралдарды қарау үшін тұрақты жұмыс істейтін жұмыс органын құру;

7. Балалар мен жасөспірімдердің салауатты өмір салтын қалыптастыру саласында ("Білім туралы" Қазақстан Республикасының заңының 4, 8, 19, 20, 23, 30, 31, 33, 36, 37, 38, 41, 42 баптары).

Мақсаты: балалар мен оқушы жастардың денсаулығын сақтау мен түзеуге ықпал ететін механизмдер мен шарттарды жасау.

Дамытудың негізгі бағыттары:

- қаланың барлық мұдделі органдары мен қызметтерінің "Балалардың білімі мен денсаулығы" ведомствоаралық бағдарламасын өзірлеудегі іс-әрекеттерін үйлестіру;

- қаланың білім ұйымдарында салауатты өмір сұру салтын орнықтыру, олардың осы бағыттағы материалдық базасын жетілдіру;

- оқушы жастар, әсіреле тұрмысы нашар отбасылар үшін асханалар мен дәмханалар жұмысын ұйымдастыру;

- апталық оқу жүктемесін тиімсіз көбейтуді тоқтату есебінен оқытындардың жүктемесін азайту, балалар денсаулығы құндылығын мойындау, білім мазмұнының валеологиялық компонентіне назар аудару, ата-аналармен валеологиялық ағарту, табиғи сауықтыру жұмыстарын жандандыру;

- мектепке дейінгі және орта білім ұйымдарында сауықтыру жұмыстарының әртүрлі нысандарының қолдау және дамыту, табиғатқа саяхатқа шығуды дәстүрге енгізу;

- баланың тәндік, моральдік, рухани келбетіне қамқорлық жасау.

Күтілетін нәтиже:

- "Балалардың білімі мен денсаулығы" ведомствоаралық бағдарламасын Алматы қаласы Білім департаментінің аудандық бөлімдерінің, денсаулық сақтау, деңе мәдениеті және спорт, туризм басқармаларының кәсіподақ және қоғамдық ұйымдардың, кәсіпорындардың бюджеттен тыс қорларының күш-жігерін

біріктіру негізінде іске асыру;

- оқушылардың, ең алдымен балалар мен жасөспірмдердің ортақ негіздегі, оның ішінде каникул уақытындағы демалу, тегін медициналық қызмет пен емделу құқығын қамтамасыз ету;

- оқушыларды мүмкіндігінше арзан және тегін нәрлі тамақпен қамсаздандыру;

- әрбір мектепке дәрігер мен медбике ставкасын енгізу, оларды балаларды сауықтыру, аурудың алдын-алу және ескерту процесіне тарту мәселесін шешу;

8. Қаланың білім жүйесін ғылыми-әдістемелік және кадрлық қамсыздандыру саласында ("Білім туралы" Қазақстан Республикасының заңының 2, 6, 8, 18, 25, 26, 27, 32, 33, 35, 36, 40, 41, 46 баптары).

Мақсаты: үздіксіз психологиялық-педагогикалық білім және кадрлардың біліктілігін арттыру жүйесін әзірлеу және құру, оны инновациялық даму режиміне көшіру.

Дамудың негізгі бағыттары:

- мемлекеттік жалпы міндетті стандарттарды ғылыми-әдістемелік қамсыздандыру, озық тәжірибелі қорыту және енгізу, ғылыми-әдістемелік әдебиетті шығару;

- оқу мен тәрбиенің жаңа шетелдік және отандық педагогикалық технологияға бейімделуі бойынша сынақ базасын құру;

- мамандардың педагогикалық технологияны жаңа жетістіктері туралы білім алуға деген мұқтажын қаналдаттандыру;

- ғылыми зерттеулердің, тәжірибе сынақ жұмыстарының, бағдарламалардың жобалардың ғылыми сарабын ұйымдастыру және өткізу;

- базалық оқу жоспарының аймақтық компонентін ғылыми-теориялық, оқу-әдістемелік қамсыздандыру;

- білімге ізгіліктік-этникалық сарынды енгізу;

- компьютерлік оқу бағдарламасын кезең бойынша енгізу, жаңа ақпараттық технологиялар саласында кадрларды қайта даярлау жобасын іске асыру;

- мұғалімдердің біліктілігін арттыру саласында қашықтық білім жүйесі жобасын әзірлеу;

- жаңа кәсіптер мен мамандықтар бойынша (қызмет көрсету, экология, әлеуметтік жұмыс, нарық инфрақұрылымы саласында) оқытудың құжаттамалары мен құралдарын әзірлеу;

- үлгілік жалпы білім беретін, кәсіби мектептер, лицейлер, колледждер базасында білім оқу орындары кадрларын қайта даярлау мен біліктілігін көтеруді

Күтілетін нәтиже:

- "педмектеп - мектеп БАК" жүйесіндегі сабактастық байланысты қамсыздандыру негізінде педагогикалық кадрлардың біліктілігін арттыру және қайта даярлаудың аймақтық тұжырымдамасы мен бағдарламасын әзірлеу;

аргументтерін стандарттын белгілеу;

ақпараттық қызмет пен ақпараттық педагогикалық қызметтің компьютерлік банкісін құру;

қалалық қашықтық білім орталығын құру;

қалалық білімдегі маркетинг және мониторинг жүйесін құру;

қалалық мерзімдік педагогикалық баспасөзді шығаруды қамтамасыз ету;

кадрлардың біліктілігін арттыру және қайта даярлау саласындағы ақылы білім қызметтерін ұйымдастыру бойынша нормативтік құжаттарды әзірлеу;

бағдарламалы-педагогикалық құралдар мәліметтерін банкін құру;

мемлекеттік білім стандарттарын игеру бойынша практикалық педагогтарға көмек ретінде оқу-әдістемелік материалдарды әзірлеу және енгізу және оның іске асыру меморандум құру;

қысқа мерзімді бағдарлама бойынша жоғары және орта кәсіби білім базасында педагогикалық қызметкерлерді даярлауды ұйымдастыру;

екінші жоғары білім алу мүмкіндігін беру.

9. Қаланың білім жүйесін басқару жөнінде

Мақсаты: басқару жүйесін оңтайландыру.

Негізгі бағыттар мен күтілетін нәтижелер:

білім ұйымдарын лицензиялау мәселесін қаланың Білім департаментіне береу;

тікелей әкімшілік әдісінен басқарудың үйлестіру-бақылау әдісіне көшу негізінде білім мекемелерін басқару және өзара байланыстың жаңа жүйесін құру, жұмыстың ұйымдық-әдістемелік бағытын күшейту;

ведомстводан тыс негізде оқыту сапасының аудиті қызметін құру;

кәсіби білім мен кәсіби бейімдеу жұмысы қызметінің ғылыми-әдістемелік кабинетін қалпына келтіру;

білім мекемелерінде оқу-тәрбие процесін басқару және бақылау жүйесін жетілдіру;

Күтілетін нәтиже:

- қала Әкімінің жанынан ғылым, білім және жұмыспен қамту саласындағы іс-әрекеттерді үйлестіру және шешімдерді даярлау бойынша Ведомствоаралық

10. Білімді қаржыландыру және білім ұйымдарының материалдық техникалық базасын дамыту саласында ("Білім туралы" Қазақстан Республикасының заңының 36, 40, 45, баптары).

Мақсаты: әлеуметтік-экономикалық мәселелерді шешу және нормативтік ұстанымы негізінде білім ұйымдарының материалдық-техникалық базасын дамыту;

Дамытудың негізгі бағыттары:

- білім ұйымының әрбір үлгісі мен түрі бойынша бір оқушыға, тәрбиеленушіге есептей отыра анықталған және қалыптасқан даму ерекшелігін ескеретін білім нормативтері негізінде мемлекеттік білім ұйымдарын қаржыландыруды жүргізу;

- қаланың білім жүйесіне оның басымдығын ескере отыра жыл сайын бюджеттік қаржы бөлу және бекітілген қаржы нормаларымен қамсыздандыру;

- кәсіби білімнің мемлекеттік оқу орындарының көп желілі жүйесін енгізу;

- білім берудің бәсекелілігі негізінде кәсіби оқу орындары кадрларын даярлау үшін қалада мемлекеттік білім тапсырысын қалыптастыру және орналастыру, осы қызметтер бойынша мемлекеттік сатып алуды жүргізу кезінде жариялышты сактау;

- орта жалпы білім базасында білім алған тұлғаларға кәсіби білім алу үшін жеке білім кредиттерін, несиeler мен гранттарды енгізу;

- мемлекеттік білім ұйымдарының қаржыландырудың салыстырмалы нормаларын олардың мәртебесін ескере отырып енгізу, толық немесе ішінана өзін-өзі қаржыландыруға көшуге дайын мектепке дейінгі ұйымдарға қаржылық және өзге де қолдауды көрсету;

- жазғы кезеңде балалар мен жасөспірімдердің демалысын, емделуін және жұмыспен қамту ұйымдарын бюджеттен жыл сайын қаржыландыруды қамтамасыз ету;

- халықтың тығыздығына байланысты және қала аумағында білім ұйымдарының орналасу ерекшелігін ескере отырып, ҚР Үкіметі бекіткен білім ұйымдары желісінің кепілді нормативін іске асыру;

- құрылтайлық шарт негізінде білім ұйымдарының жедел басқаруына коммуналдық объектілер беру және олардың қызметіне коммуналдық меншікті басқару органдары мен қаланың әртүрлі бақылаушы органдарының араласуына жол бермек;

- білімнің коммуналдық объектілерін білімді басқару органдарының міндетті қатысуымен және осындай объектілерді жалгерлердің мүмкіндігінше білім

қызметін немесе білімге қызмет көрсететін ұйымның қызметін сақтауы арқылы жағалау ;

- қаланың барлық мемлекеттік білім ұйымдарын бүгінгі компьютерлік техникамен және бағдарламалармен қамсыздандыру;

- интернаттардың, балалар үйлерінің түлектерін нәрлі және сапалы тамақтандыруды қамсыздандыру, осындай мекемелер үшін азық-түлік тағамдарын мемлекеттік тапсырысын ұйымдастыруды білімді басқару орғандарына береу ;

- интернаттардың, балалар үйлері түлектерінің қалалық көлікте жүру үшін женілдік енгізу және қала шетіндегі бос демалыс лагерлерін, интернаттардың және балалар үйлерінің балансына беру;

- еңбек ұжымына мүлікті сенімдік басқару шарты негізінде беру арқылы немесе сатып алу құқығындағы мүліктік жалдау арқылы жекешелендірудің басым формасын қарастыратын мектепке дейінгі және кәсіби білім объектілерін жаңарту бойынша нормативтік-құқықтық механизмді енгізу;

- босаған ғимараттардың және коммуналдық меншіктің жаңа құрылыш есебінен білім оқу орындарының материалдық-техникалық базасын нығайту;

- білім мекемелерін жаңа қондырғымен, компьютерлік техникамен және оқудың басқа да құралдарымен нормативтік қажеттілікке дейін жабдықтау.

Күтілетін нәтиже :

- қаржы қызметі органдарына бақылау міндетін қалдыра отыра қалалық білім департаментінің құзыретіне мемлекеттік мектепке дейінгі ұйымдарды және кәсіби білім ұйымдарын қаржыландыру және шығындарын жоспарлау мәселесін береу ;

- мектеп алдындағы дайындықты жүргізетін және тұрмысы нашар отбасылар балалары үшін ұйымдастырылған мемлекеттік мектепке дейінгі ұйымдарды мемлекеттік мекеме мәртебесіне көшіру;

- мектепке дейінгі ұйымдардың 5 жасқа дейінгі бір тәрбиеленушісі үшін ата-аналар төлемінің есептемелік көрсеткіштерін төмендете бағытына қарай реттеу ;

- бастауыш кәсіби білімнің мемлекеттік оқу желісінің дамуын және онда бюджет есебінен орта кәсіби білім - мемлекеттік тапсырыс бойынша оқитындардың санын көбейту, осы мәселе бойынша 2001-2005 жылдарға арналған қаланы әлеуметтік-экономикалық дамытудың индикативтік жоспарын қайта қаралу ;

- оқу орындарының ғимараттары мен мұлігін жалға беруге және алынған қаражаттар білім мекемесінің оқу материалдық базасын нығайту үшін пайдалануға рұқсат ету құқығын қалалық білім беру департаментіне беру туралы

М Э С Е Л Е

III e III y;

- тұрмысы нашар отбасылардың балалары үшін жалпы білім беретін мектеп-интернат ашу;

- қаланың әрбір ауданында әлеуметтік қорғалмаған отбасылар үшін мемлекеттік мектепке дейінгі мекемелер үйымдастыру;

- жетім балалар, жетім балалар мекемелері тұлектері үшін жасөспірімдер үйін
а ш у ;

- жалпы білім беретін мекемелердің мемлекеттік желісін сақтау және дамыту және оларды қала халқының мұқтажына сәйкес келтіру;

- жақын уақытта аяқ-қолы тартылатын балаларға арналған арнаіры мектеп-интернат ғимаратының құрылышын аяқтау;

- кәсіби мектептер (лицейлер), колледждер оқу шеберханасы базасында оқу жиһазын, қуралдарын шығаруды ұйымдастыру;

11. Жұмыс берушілер мен өзге әлеуметтік әріптермен өзара іс-қымыл саласында.

Мақсаты: білім ұйымдарының жұмыс берушілер мен өзге әлеуметтік әріптермен тікелей байланысын қамсыздандыру.

Н е г і з г і б ағыттары:

- білім, еңбек және жұмыспен қамту органдарының, өнеркәсіп және кәсіпкерлер одағының, Қазақстан Кәсіподақтары федерациясының және өзге әлеуметтік әріптердердің, жұмысшылар мен мамандардың даярлығын дамыту және біліктілігін арттыру жүйесін еңбек нарығындағы қажеттілікке сәйкес кадрлармен қамсыздандыру, дамыту жөніндегі 2000-2004 жылдардағы мерзімге арналған бірлескен іс-әрекет бағдарламасы мен шараларын әзірлеу;

- тең негізде бүкіл әлеуметтік әріптермен еңбек нарығын болжай мәселесі бойынша зерттеулерді ұйымдастыру және кадрларға болашақ қажеттілік туралы бүкіл мұдделі тараپтардың ақпараттандырылуын жүйелі іске асыру;

- барлық мұдделі мемлекеттік немесе мемлекеттік емес құрылымдардағы кәсіби бейімдеудің мемлекеттік қоғамдық қызметін құру.

Күтілетін нәтиже:

- білім қызметі мен еңбек нарығын шендестьру;
- білім үйымдарының түлектерін еңбекке орналасуына жағдай жасау;

3 . К о р ы т ы н д ы

Мәслихаттың білім және ғылым жөніндегі тұрақты депутаттық тобы құрған жұмыс тобы әзірлеген Алматы қаласындағы білімді дамытудың кешенді бағдарламасының негізгі бағыттары Алматы қаласының білім жүйесінің "Білім

"туралы" Қазақстан Республикасының заңын іске асырылуына бағытталған шаралардың орындалуына орайластыра отырылып талданды.

Ұсынылған негізгі бағытта қаланың білім жүйесін дамытуға бағытталған қолданымдағы жоспарлар мен шараларды қазіргі жағдайда шешілуге тиіс бұл жүйенің өзекті міндеттерін ескере отырып жасалды. Негізгі бағыттардың мәліметтерін іске асыру бірінші кезектегі, сондай-ақ білімнің кейбір ұзак мерзімді мәселелерін қойылған міндеттерді шешуге барлық мұдделілердің белсенді қатысуымен іске асыруға мүмкіндік береді. II-сайланған Алматы қалалық Мәслихаты V-сессиясының төрағасы II-сайланған Алматы қалалық Мәслихатының хатшысы

II-сайланған Алматы қалалық
Мәслихатының 2000 жылғы
2 маусымдағы шешіміне
N 2 қосымша

Алматы қалалық Мәслихатының ҚР Парламентіне, ҚР Үкіметіне
және ҚР Білім және ғылым министрлігіне ҚР заңдары мен
нормативтік актілері бойынша ұсыныстары

Қазақстан Республикасының Парламентінен сұралсын:

1. Қазақстан Республикасының төмендегі заңдарын әзірлеу және қабылдау:

- бала құқы туралы;
- кәсіби білім және кәсіби оқыту туралы;
- халықтың тұрмысы нашар жіктері үшін жұмыс орнын квоталау туралы.

2. Кадрларды пайдалануда жұмыс берушілердің рөлі мен жауапкершілігін қарастыратын "Әлеуметтік әріптестік туралы" Қазақстан Республикасының заңының жобасына толықтыру енгізу.

3. Қолданымдағы мына заңдарға өзгерістер мен толықтыру енгізу:

1) Қазақстан Республикасы Президентінің "Лицензияландыру туралы" 1995 жылғы 17 сәуірдегі №2201 заң құші бар Жарлығына (Қазақстан Республикасы Жоғары Кеңесінің ведомстволары, 1995 ж.). Осы заңының 10 бабы мына редакцияда жазылсын: "Мектепке дейінгі, жалпы орта, кәсіби білімнің барлық деңгейінде (деңгей сатыларында) білім бағдарламаларын іске асыратын және нақты кәсіп, мамандық, оқыту үлгісі мен орта жалпы білімнің сатыларына және кәсіби біліктілік деңгейіне сәйкес диплом, аттестат, куәлік, сертификат және өзге құжатты беру құқығымен кәсіби даярлықты (оқытуды) жүргізетін білім ұйымдарының және өзге де оқу-өндірістік құрылымдардың, сондай-ақ дәстүрлі емес білімнің мектепке дейінгі және мектептен тыс ұйымдарының қызметі".

2) Қазақстан Республикасының "Білім туралы" заңына. 12 баптың 3 тармағы (

1 тармақшасы) мына редакцияда жазылсын: "1) бастауыш жалпы, негізгі жалпы немесе орташа жалпы және бастауыш кәсіби білім немесе кәсіби даярлық (оқыту) беретін, сондай-ақ мектепке дейінгі және мектептен тыс ұйымдарға - облыстардың, республикалық бағыныстағы қалалар мен астананың білім басқармалары (департаменттері)".

Бұл "Білім туралы" жаңа Заңның 24 бабының 6 тармағына сәйкес келеді және Республиканың азаматын кәсіби білім, кәсіби даярлау (оқыту) сапасы бойынша

қ о р ғ а й д ы .

3) Президенттің заң күші бар 1995 жылғы 19 маусымдағы N 2335 "Мемлекеттік кәсіпорын туралы" заңына. (Қазақстан Республикасы Жоғары Кеңесінің ведомстволары, 1995 ж. N№9-10).

21 бап "Кәсіпорынның жарғылық, резервтік және кәсіби оқыту құралдары" болып айдарлансын. Осы бапқа мына редакциядағы тармақ қосылсын: "кәсіпорын жалақы қорының 1 пайызы көлемінде кәсіби білім және кәсіби білім даярлау (оқыту) қорын құруға міндettі, ол тек білім ұйымдарымен шарт бойынша кадрларды даярлау, қайта даярлау және біліктілігін көтеру үшін ғана пайдаланылады, басқаша жағдайда кәсіби білім және кәсіби білім даярлау (оқыту)

) қ о р ы н а а л ы н а д ы .

3 тармақ 4 тармаққа өзгертілсін.

Заңның осы қағидасы азаматтардың әлеуметтік қорғалуын, олардың кәсібілігін (құзыретін) көтеруді қамтамасыз етеді.

4) Қазақстан Республикасы Президентінің "Салықтар және бюджетке басқа да міндettі төлемдер туралы" 1995 жылғы 24 сәуірдегі N№2335 Жарлығына (Қазақстан Республикасы Жоғары Кеңесінің ведомстволары, 1995 ж. N 3).

34 баптың 1 тармағының 3 тармақшасындағы "Алынған кірістер бойынша" сөздерден кейін "өндірістік-шаруашылық және білім қызметінен түскен, сондай-ақ... алынған";

б т а р м ағ ы н д а :

бірінші азат жолдан кейін "қайырымдылықпен шұғылданатын" сөзінен кейін "білім берумен" сөзі қосылсын;

- мына мазмұндағы в), г) және д) азат жолдарымен толықтырылсын;

в) "жұмысшылар мен мамандарды даярлауға және қайта даярлауға және біліктілігін көтеруге жұмсалынған қаражаттың";

г) "окушылар мен студенттердің кәсіби практикасын жүргізуге жұмсалынған қаражаттың";

д) "мектеп оқулықтары мен оқу құралдарының, сондай-ақ мектепке дейінгі білім ұйымдары, орта жалпы білім, кәсіби мектептер (лицейлер), колледждер мен жоғары оқу орындарына арналған оқулықтардың импорты".

Қазақстан Республикасының Үкіметінен сұралсын:

1. 2001-2005 жылдардағы мерзімге арналған кәсіби білімді (бастауыш және орта) дамытудың мемлекеттік бағдарламасын өзірлеу.

2. Үкіметтің 1999 жылғы 7 желтоқсандағы №1876 "Білім үйымдарының қызметкерлеріне ауылды жердегі жұмыс, экологиялық апат аймағында тұрғандығы, оқу кабинеттерінің жетекшілігі, сынып жетекшілігі, пәндерді тереңдетіп оқытқандығы үшін үстеме мен басқа да төлемдер туралы" қаулысының күшін толығымен жою.

№1876 қаулы мұғалімдердің орташа жалақысын 15-20 пайызға азайтқандықтан олардың ренішін туғызды. Енгізілген өзгеріс осы қаулының күшін уақытша тоқтатты. Алайда бұл өзгеріс педагогтардың барлығына бірдей қолданылады.

3. Қазақстан Республикасының Үкіметінің қаулысымен Қазақстан Республикасының "Білім туралы" заңының тиісті баптарын іске асыруға бағытталған бірқатар нормативтік актілерді бекіту:

1) Тиісті үлгідегі білім үйымдары туралы үлгі ереже ("Білім туралы" ҚР заңының 9 бапы, 3 тармағы);

2) Мемлекеттік білім үйымдарының ерекше мэртебесі туралы ереже (9 бап, 6 тармақ);

3) Мемлекеттік білім тапсырмасын анықтау тәртібі (31 бап 2 тармақ), мұнда тапшы еңбек қызметкерлерінің (жұмысшы, қызметші және маман) даярлау қамтываемады:

- бюджеттік сала үйымдары;

- шағын бизнестің, экономика мен әлеуметтік саланы дамытудың басым бағыттарының мемлекеттік бағдарламасын орындау;

- акцияларының мемлекеттік пакеті 51 пайыз және одан жоғары кәсіпорындар

Калған кәсіпорындар, үйымдар бойынша, оның ішінде бірлескен шет ел инвесторларымен мемлекеттік тапсырыс шартпен анықталады.

4) мемлекеттің азаматтардың жекелеген санаттарына (жетім, ата-анасының қарауынсыз қалған, ақыл-ойы кеміс, мүгедек, жастайынан мүгедек және көпбалалы отбасылар балалары мен азаматтардың заңмен анықталатын өзге де санаттары) олар білім алған кезеңде мемлекет көрсететін әлеуметтік көмек көлемінің көздерін анықтау тәртібі (4 бап 5 тармақ).

5) Окүшылардың кәсіби практикасын өткізу тәртібі (15 бап).

6) Бюджеттен қаржыландыратын мемлекеттік білім үйымдары қызметкерлерінің жалақысы туралы ереже (40 бап 1 тармақ).

7) Мемлекеттік білім үйымдары педагогикалық қызметкерлерінің біліктілігін жұмыстан қол үздіре отырып көтеру туралы ереже (40 бап 3 тармақ).

8) педагогикалық қызметкерлердің демалысы туралы ереже (41 бап 3 тармақ).

9) Бір оқушыны қаржыландыру нормативі (43 бап 4 тармақ).

10) Сырттай нысанда және оқытудың қашықтық әдісімен оқытындар үшін жеңілдік жөніндегі ереже.

11) Мына ұсыныстар қаралсын:

- бюджеттік қаражат есебінен оқытын бір оқушыға шаққандағы коммуналдық қызметтің тұтыну нормасын көбейту туралы;

- оралман-балалар үшін олардың даярлық және даму деңгейіне сәйкес мектеп ашу және түзетілмелі оқу жоспары мен бағдарламасы бар арнайы сыныптарды бюджеттен қаржыландыру туралы.

Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрлігінен төмендегі нормативтік құжаттарды белгіленген тәртіппен бекітуді жеделдету сұралсын:

1. Жаңа базалық оқу жоспары (оқу жоспарының үлгісі):

1) Орта жалпы білім беретін мектептің жоғары баспалдағы төрт бағытта: гуманитарлық, жаратылыс-ғылыми, физика-математика және кәсіби;

2) Гимназиялар мен лицейлер, 1-11 сыныптарда жекелеген пәндерді тереңдетіп оқытатын арнайы мектептер;

3) Бастауыш кәсіби білім оқу мерзімінде:

- 2-3 жыл - кәсіби мектеп (9 сынып базасында);

- 3-4 жыл - кәсіби лицей (9 сынып базасында);

- 6 айдан 2 жылға дейін білім мектебінің жоғары сатысы базасында;

- 1 айдан 6 айға дейін - курстық даярлау, жұмыссыздарды қайта оқыту.

4) орта кәсіби білім оқу мерзімінде:

- 3-4 жыл - колледждер, училищелер (9 сынып базасында);

- 2-2 жыл 10 ай - колледждер, училищелер (жоғары мектеп базасында).

2. Барлық үлгідегі және атаудағы білім үйымдары туралы ереже.

3. Өндірісте, оқу-өндіріс комбинатында, оқу орталығында, курстарда және жұмысшыларды даярлайтын өзге де оқу-өндірістік құрылымдардағы кәсіби оқу туралы ереже.

4. Әртүрлі білім бағдарламаларын іске асыратын бастауыш және орта кәсіби білім оқу орындары туралы.

5. Білім үйымының кеңесі, қамқоршылар кеңесі, педагогикалық (әдістемелік) кеңес, жалпы жиналыс және мемлекеттік білім үйымын алқалық басқарудың өзге де нысандары туралы ереже.

6. Білім үйымдарының барлық түрі бойынша үлгілік штаттық кесте.

7. Аудандық (қалалық) білім басқармалары органдары туралы үлгілік ереже.

8. Білім үйымының әрбір түрі мен үлгісі және әрбір кәсіп (мамандық) бойынша бір оқушыға, тәрбиеленушіге шаққандағы оқытууды қаржыландыру(

Т е о л е м)

н о р м а т и в т е р .

9. Негізінен жұмыс берушілер қатарынан комиссияның тәуелсіз құрамын қарастырылатын қорытынды білікті емтихан жүргізу және диплом жобаларын

10. Бастауыш және орта кәсіби білім оқу орындарының республикалық оқу-әдістемелік бірлестіктері туралы ереже, сол арқылы қаржыландыру механизмын анықтау.

11. Мемлекеттік білім мекемелері қызметкерлерінің біліктілігін көтеру туралы ереже, сол арқылы қаржыландыру механизмін анықтау.

II-сайланған Алматы қалалық

Мәслихаты *V-сессиясының*

төрағасы

II - с а й л а нға н

ҚАЛАЛЫҚ МӘСЛИХАТЫНЫҢ

ХАТШЫСЫ

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заннама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК